

Дүниеге жарык беріп, сәуле шашатын екі-ақ күш бар. Оның бірі – аспандағы күш, екіншісі – жердегі журналист.

Марк Твен

Иә, журналист деген әлемнің түпкір-түпкірінен жаналық іздеп, халыққа мағыналы да мәнді етіп тарататын, үнемі жол үстінде жүретін, «арқалағаны – алтын, жегені – жантак» болған жан. Өрбір адамға жұмыс істеген шағында «мінез» керек. «Мінезсіз өнер – мінезсіз жылқы» деп Аскар Сүлейменов айтқандай, шындық қорсе шырылдап, отіріктін бетін онменіннен откізіп, қынаптан қылыш суырарлық мамандық тандағаныма қуанамын.

Арман алдамайды, егер максатын айқын болса. Иә, адам алдына максат қойса, оны орындау үшін талпынары анық. Біздегі басты арман – журналистика саласына келгеннен кейін оның қыр-сырын меңгеріп, жақсы маман иесі болу. Көп адам журналистиканы тандау барысында телеарна жүрсем деп армандайды. Ол жақсы әрине, бірақ қайнаған қазанның ортасына түспес бұрын, жалындаған шок болуын тиіс. Беленский журналистиканы «озық идеялардың, таратушының қуатты құралы» деп білген. Сол озық ойлы таратуды дұрыстап зерделеп, саралау үшін ең алдымен газет редакциясында іс-тәжірибеден өткенді жөн қордім. Оның ішінде «Халық» газетінде.

«Газет – ол халықтың көзі, құлағы нәм тілі. Онсыз қорсе – қоз соқыр, естісе – құлақ санырау, сойлесе тіл мылқау болып қалады» деген Ахмет Байтұрсынов атамыз. «Халық» газеті озі атауы айтып тұрғандай, қарапайым халық пен саяси билік арасындағы қарым-қатынастарды бұқпесіз ашық айтады. Шындықты ашық жеткізу оқырманға ерекше әсер етеді. Осы «Халық» газеті редакциясында алдағы уақытта жұмыс істеп, өз біліктілігімді арттыргым келеді.

Журналист – тәуелсіз, еркін, жанашыр жан. Дегенмен де, қай мезгіл болмасын, қай істі бастамас бұрын жанында жүрер, қолдау қорсетер сенімді серіктері, бірге ыстықты да, суықты да қатар алып жүретін ұжымы болады. «Біздің тәрбиенің міндеті ұжымшылдыққа тәрбиелеу болып табылады» деп жазды А.Макаренко. Макаренконың айтуынша, ұжым дегеніміз – адамдардың жай ғана жиынтығы емес, ол жалпы максатқа жетуді алға міндет етіп қойған, қогамға пайда тигізуге ұмтылушылар тобы.

Ал, менін ойымша бірлікпен жасаган әрбір іс, әрбір дүние жемісін береді. Ен бастысы – түсіністік. Мен өзімнің келешек ұжымды сайын даланын сайыпқырандары деп елестетемін. Ұлты десе ұрандап, өз орнегін сала алар, коркем создін ауылына кірпіш болып каланар жандар екеніне козім анык жетеді.

Гүлдана АСАНЖАНОВА,

Коркыт ата атындагы КМУ-дын

1-курс студенті